

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

«Биология және география» кафедрасы

Бисенова Лаура Есенқызы

«Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы»
Лабораториялық-сарамандық жұмыстар жүргізуге арналған
оқу-әдістемелік нұсқау
(география мамандығы студенттеріне арналған)

Ақтау, 2011

ӘӨЖ 74.264.3

Құрастырған: Л.Е.Бисенова. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. Лабораториялық-сарамандық жұмыстар жүргізуге арналған оқу-әдістемелік нұсқау.-Ақтау: 2011, 27 бет.

Рецензент: п.ғ.к., доцент Кенжебекова Д.Т.

Әдістемелік нұсқау Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясын жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа бағдарламасына сай, соңғы статистикалық көрсеткіштерді пайдалана отырып жазылған. Болашақ география пәні мұғалімдеріне арналғандықтан тапсырмалар мектеп бағдарламасымен тығыз байланыста құрастырылғын.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешіміне сай баспаға ұсынылған.

©Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

Алғы сөз.

Оқу-әдістемелік нұсқау Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы курсының жаңа бағдарламасына сай құрылған. Практикумда берілген тапсырмалар мынадай принциптерді есепке алынып құрылған: студенттердің өз бетімен жұмыс істеуін күшейту, кәсіби іскерліктерін қалыптастыру, болашақ география мұғалімдерін дайындау мақсатында құралдағы тапсырмаларды мектеп оқулығымен үйлестіре отырып құрастыру, экономикалық –географиялық сипаттама берудің тәсілдерімен танысу, картамен жұмыс жасау дағдыларын меңгеру.

Студент білім алу процесінде географиялық құбылыстар мен заңдылықтарды аша отырып, жекелеген фактілерді талдаудан тұтас бір жүйелік талдау жасауға өтуі қажет. Бұл процесс, әсіресе , практикалық және лабораториялық сабақтарда жүзеге асады.

Тақырыптар бойынша тапсырмалардың өзіне тән басты ерекшелігі-статистикалық материалдарды кеңінен пайдалану арқылы түрлі өндіріс орындары мен өндірістік кешендерді аймақтық орналастыру мен ұйымдастырудың заңдылықтарын анықтауға арналған.

Сабақта мектеп оқулығын көбірек пайдаланған тиімді- мектеп оқулығында берілген карта-схемалар мен сызбаларды басшылыққа ала отырып студенттер осындай жұмыстарды өз бетімен орындауға дағдыланады. Сондай-ақ, картографиялық әдістерді және картаны талдау дағдыларын игеру мақсатында кескін (контур) карталармен жұмыстар жасалуы керек. Картамен және кескін картамен картографиялық жұмыстар жасау кезінде сызу құралдарының болуы міндетті..Картамен жұмыс жасауды ең алдымен шартты белгілерден бастаған қолайлы.

Әрбір тапсырмаға әдістемелік нұсқау беріледі. Бұл студенттердің өз бетімен жұмыс жасау процесін жеңілдетіп, тездетеді. Сондықтан кейбір тапсырмаларды аудиториядан тыс орындауға болады. Бұл әдістемелік нұсқаудың мақсаты- практикалық сабақтардың шығармашылық сипатта жүргізуін қадағалау болып табылады. Кезекті тақырыпты алдын –ала біле отырып, студенттер әдебиеттерді, басқа да материалдарды іздестіріп,сабаққа дайындықпен келеді. Нәтижесінде аудиториялық уақыт үнемделіп, зерттеліп отырған объектілердің негізін ашып көрсетуге мүмкіндік туады. Оқу-әдістемелік нұсқау дәріс материалдарымен тығыз байланыста, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік салаларындағы соңғы көрсеткіштерді басшылыққа ала отырып дайындалды.

Тақырып №1: Қазақстан Республикасының экономикалық-географиялық жағдайы. Дүние жүзінің саяси картасындағы орны. Қ. Р. саяси-әкімшілік картасы.

Сабақтың мақсаты:

Экономикалық географияның басты ұғымдарының бірі – «экономикалық-географиялық жағдай» ұғымымен танысу және Қазақстан Республикасының қазіргі экономикалық-географиялық жағдайының өзіне тән белгілерін анықтау.

Қазақстан Республикасының географиялық орны мен шекараларын сипаттау және оған халықаралық қатынастар мен экономикалық байланыстар тұрғысынан баға беру дағдысын қалыптастыру.

Тақырып бойынша қайталау сұрақтары:

А) ЭГЖ ұғымының анықтамасы.

Ә) ЭГЖ ұғымының тарихилық сипатын түсіндіру.

Б) ЭГЖ ұғымының басты элементтері.

Практикалық жұмыс №1.

Тапсырма 1: Дүние жүзінің және Қазақстанның физикалық, саяси картасын пайдаланып, Қ. Р мен шекаралас мемлекеттерді анықтап, шекаралардың физикалық-географиялық ерекшеліктерін (кұрлық немесе теңіздік) сипаттау; Шекаралардың халықаралық экономикалық байланыстар үшін маңызын бағалау. Картадан шет елдермен байланыс жүзеге асырылатын негізгі порттар мен теміржол стансаларын табу;

Тапсырма 2: Әдебиеттер мен оқулықтарды пайдаланып, Қ. Р. мысалында «Экономикалық-географиялық жағдай» ұғымының тарихилығын ашып көрсету; Соңғы уақыттағы Қазақстан Республикасының экономикалық – географиялық жағдайының өзгеруіне әсер еткен басты факторларды көрсету;

Тапсырма 3. Қазақстан Республикасының жер көлемі мен территориясының ұлан-байтақтығының табиғи жағдайларының әркелкілігі мен экономикалық дамуына тигізетін әсеріне баға беру;

Тапсырма 4. Территорияның көлемін жер шарының және ірі мемлекеттердің жер көлемімен салыстыра бағалау;

Тапсырма 5. Кескін картаға Қазақстанның мемлекеттік шекарасын, обылыстардың шекараларын түсіру.

Тапсырма 6 Қазақстан Республикасының ЭГЖ-на халықаралық қатынастар және экономикалық байланыстар тұрғысынан баға беру.

Орындалуы:

1. 4-тапсырма бойынша орындалған кескін картадағы көрсетілген елімізбен шекаралас мемлекеттерді экономикалық және әлеуметтік даму дәрежесі бойынша қандай топқа жататынын анықтап, топтастыру.

2. Кескін картаға елдің ірі темір жол магистральдары мен шекаралық темір жол тораптарын және теңіз порттарын түсіру. Ауызша көршілес елдермен арадағы шекараның Қазақстан Республикасының транспорттық-географиялық жағдайына әсерін анықтау.

Әдебиеттер:

1. Баранский М.Н. Экономико-географическое положение. Сборник. М,
2. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы.
3. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы, 9 сыныпқа арналған оқулық;
3. Страны мира. Справочник
4. Атлас мира.

Тақырып №2: Қазақстанның табиғат жағдайлары мен табиғи байлықтарына экономикалық баға беру.

Сабактың мақсаты:

Қазақстан Республикасының бағалы табиғи ресурстарымен қамтамасыз етілу дәрежесін анықтап, «географиялық орта», «табиғат жағдайлары» және «табиғи байлықтар» ұғымдарын игеру. Агроклиматтық, минералдық ресурстар картасын және кестелерді пайдаланып, территорияның табиғат жағдайлары мен табиғи байлықтарына экономикалық тұрғыдан баға беру әдісін үйрену.

Тақырып бойынша қайталау сұрақтары:

1. «Табиғат жағдайлары», «табиғи байлықтар» ұғымдарын түсіндіру. Әдебиеттер мен оқулықты пайдаланып, осы сұраққа байланысты көзқарастарға талдау жасау (артықшылығы мен кемшілігі)
2. Табиғи байлықтарға экономикалық баға беру принциптері қандай?
3. Қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасының қазіргі шиеленісуі.
4. Қоғам мен табиғаттың қарым-қатынасы мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерге қысқаша талдау.
5. Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» концепцияларындағы табиғи байлықтарды тиімді пайдалану туралы бағыттарды анықтау.

Тақырып бойынша қайталау сұрақтары:

Практикалық жұмыс:

Тапсырма 1. Кестелерді, географиялық карталар мен оқулықтарды пайдалана отырып, табиғи байлықтардың кейбір түрлері бойынша Қ.Р-ның дүние жүзілік масштабтағы орнын анықтау.

Тапсырма 2. Геологиялық және пайдалы қазбалар картасы негізінде, оларды салыстыра отырып, елдің басты тектоникалық құрылымдарындағы

(платформалар, плиталар, қатпарлы құрылымдар) геологиялық құрылым мен пайдалы қазбалардың таралуы арасындағы заңдылықтарды анықтау, ірі геохимиялық тораптарды бөліп алып, сипаттама беру және олардағы табиғи байлықтардың ұштасуына баға бере отырып, олардың аталмыш территорияда өнеркәсіпті дамыту үшін тигізетін әсеріне тоқталу.

Тапсырма 3 Физикалық, агроклиматтық, топырақ ,табиғат зоналары және жер ресурстары карталарына талдау жасай отырып, төмендегі жоспар бойынша елдің түрлі аймақтарында ауыл шаруашылығын дамыту перспективасына экономикалық баға беру.

-Жер бедеріне экономикалық баға беру;

-Жер байлықтарының құрылымы;

-Топырақ байлықтарына баға беру;

-Агроклиматтық көрсеткіштер және олардың ахуалы: вегетация мерзімінің жалпы температурасы, ылғалдану коэффициенті, мелиорациялық жағдайы.

Тапсырма 4 Қазақстан Республикасының табиғи байлықтарының жіктелуі кестесін құру (табиғи байлықтардың әлемдік қорындағы Қазақстанның үлесін көрсете отырып).

Кестені құру үшін Страны мира анықтамасы , 9 сыныпқа арналған мектеп оқулығы , Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы (авторы С.Ердаuletов) университеттерге арналған оқулығы пайдаланылады.

Тапсырма 5. Оқулықтар мен картаны пайдаланып, елдің белгілі бір аймағында табиғи байлықтардың ұштасуының сол территорияда өнеркәсіпті дамытуға тигізетін әсерін анықтау.

Тапсырма 6. Таңдап алынған мысал негізінде Табиғи байлықтардың территориялық ұштасуына (ТБТҰ) экономикалық баға беру

Жұмыстың орындалуы:

-Баға беру үшін таңдап алынған ТБТҰ-ның шекараларын картадан анықтау

-Берілген ТБТҰ-ның табиғи байлықтарының құрамын анықтау;

-Табиғи байлықтар көзінің шартты шамасы мен салыстырмалы құндылығын анықтау;

-ТБТҰ-ның теміржол желілерінен қашықтығын, табиғи жағдайлардың әсер ету дәрежесін және қоныстану деңгейі мен сейсмикалық қауптілік шамасын анықтау;

Табиғи байлықтарды біртіндеп, үнемді пайдаланудың маңыздылығы жәнеосымен байланысты табиғатты қорғау проблемалары туралы қысқаша қорытынды әзірлеу.

Әдебиеттер:

1.Казахстан.-М,1979 (Природные условия и естественные ресурсы СССР)

2.Минц А.А. Экономическая оценка природных ресурсов, М,Мысль, 1992

3.Географиялық анықтама атлас М,1986

4. СССР-дың атласы М,ГУГК,1983

5. Қазақстанның атласы .

6. С.Ердаuletов Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. А,1998. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық .
7. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. Авт. Е.Ахметов т.б. 9 сыныпқа арналған оқулық, «Мектеп»2005

Тақырып №3. Қазақстанның халық географиясы.

Сабақтың мақсаты:

Демографиялық процестерге баға беру және экономиканың дамуы үшін адам факторының ролін анықтауды игеру, аталған құбылыстардың динамикасын анықтайтын факторларды талдай отырып, әлеуметтік-экономикалық даму мен халықтың орналасу проблемалары арасындағы байланысты түсіндіре білуге дағдылану.

Тақырып бойынша қайталау сұрақтары:

- 1.Қазақстан территориясында халықтың орналасуын анықтайтын басты факторлар.
- 2.Қалалық және ауылдық елді мекендер, қала агломерациясы , урбандалу ұғымдарын түсіндіру. Мысал келтіру.
- 3.Қазақстан Республикасы территориясындағы қалалардың типтерін талдау.

Практикалық жұмыс №3

Тапсырма 1 Қазақстан халқының тығыздығы картасы бойынша :

- қала халқы жоғары шоғырланған аудандарды анықтап, дәптерге жазу.
- Халықтың тығыздығы жоғары, орташа және төмен аудандарды бөліп жазу және оның себептерін түсіндіру.
- Ұлттар мен халықтар ұғымына анықтама беру.

Тапсырма 2. Страны мира анықтамасын немесе 10 сыныпқа арналған дүние жүзінің әлеуметтік және экономикалық географиясы оқулығын пайдаланып, еліміздің халықтың саны жөнінен дүние жүзіндегі орнын анықтау;

Тапсырма 3 Әдебиеттер мен оқулықтарды пайдаланып «1926-2000 жылдар арасындағы Қазақстан халқының динамикасы» сызықтық диаграммасын салу. 1926-1940, 1940-1960, 1960-1985, 1985-2000.2000-2004 жылдар арасында ел халқының санының өзгеру себептерін түсіндіру;
Аталған материалдар негізінде қала және ауыл халқының өзара үлес салмағын көрсететін бағаналы диаграмма тұрғызу

Кесте 1

	1926ж	1939	1959ж	1970	1979	1989ж	1999ж	2004ж
Жалпы халық саны	6,03 Млн	6,09 млн	9,3 млн	13,0 Млн	14,7 Млн	16,5 Млн	14,5 Млн	14,9 млн.
О.і: Қала халқы			4,06млн	6,5млн	7,9млн	7,07млн	8 ,1 млн	84,4млн

Осы кесте негізінде қала және ауыл халқының санының өзгеруіне талдау жасаңыздар және қала және ауыл халқы санындағы өзгерістерді диаграмма түрінде көрсетіңіздер.

Тапсырма 4 Елдің территориясындағы халықтың орналасу ерекшелігін көрсету. Қазақстанның түрлі бөліктерінің қоныстану дәрежесі мен халықтың санын сипаттайтын картадиаграмма тұрғызу.

Жұмыстың орындалуы.

9 Сыныпқа арналған қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы оқулығын пайдаланып, Қазақстанның түрлі аймақтары бойынша халықтың тығыздығын есептеуге арналған анықтама кесте дайындау және төмендегі форма бойынша қажетті есептеулер жүргізу.

Кесте 2

Қазақстанның аймақтары	Жер көлемі (мың кв.км.)	Халықтың саны (мың адам)	Халықтың тығыздығы (Адам /кв.км)
Батыс Қазақстан	736,1	2082,4	
Солтүстік Қазақстан	565,0	3592,8	
Орталық Қазақстан	428,0	1331,0	
Оңтүстік Қазақстан	711,6	6489,7	
Шығыс Қазақстан	283,2	1455,4	

-Кестенің көмегімен аймақтардың қоныстану дәрежесіне талдау жасау.

Контур картаға халықтың тығыздығының ерекшеліктерін түсіру және талдау жасау.

Тапсырма 5. 9 Сыныпқа арналған оқулықтағы Қазақстан халқының тығыздығы картасы негізінде Қазақстанда ауыл тұрғындарының орналасуының зоналық ерекшеліктерін анықтау;

Тапсырма 6.9 Сыныпқа арналған оқулықты пайдаланып Қазақстанда халықтың орналасу перспективасына талдау жасау.

Әдебиеттер:

1. Демографиялық анықтама.статистикалық басылым,2004
2. «Краткий статистический ежегодник Казахстана»ҚР с.ж.а, 2004
- 3.Географиялық анықтама атлас М,1986
4. СССР-дың атласы М,ГУГК,1983

5. Қазақстанның атласы .
6. С.Ердаuletов Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. А,1998. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық .
7. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. Авт. Е.Ахметов т.б. 9 сыныпқа арналған оқулық, «Мектеп»2005

Тақырып № 4 Қазақстанның отын –энергетикалық кешені.

Мақсаты: Отын-энергетикалық кешен ұғымымен және оның салалық құрылымымен танысу; Қазақстанның отын –энергетикалықкешенінің территориялық таралуы мен даму динамикасыныа сипаттама беру; отын-энергетикалық және электр энергетикалық баланстарды талдауға экономикалық құбылыстарға графикалық және картографиялық әдістер қолдануға дағдылану;

Тақырып бойынша қайталау сұрақтары:

- 1.Мемлекеттік маңызы бар көмір бассейндерінің экономикалық-географиялық ерекшеліктері қандай?
- 2.Карталар мен әдебиеттерді пайдаланып, Екібастұз және Қарағанды көмір бассейндеріне сипаттама беру.
- 3.Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінің аймақтық ұйымдастырылу тенденциясы мен географиясы. Ел территориясында қалыптасып жатқан жаңа мұнай базаларының перспективалары қандай ?
- 4.ҒТР дәуіріндегі электр энергетикасының ролі. Электр стансаларының типі және ел территориясында олардың таралу сипаты.

Алдын-ала дайындалу үшін «Қазақстанда атом энергетикасының даму проблемалары» және «Дәстүрлі емес энергия көздері» тақырыптары бойынша хабарлама әзірлеу, Баяндамада міндетті түрде саланың экологиялық проблемаларына тоқталу.

Тапсырма 1. Отын-энергетикалық кешеннің салалық құрылымына сипаттама беру

Әдістемелік нұсқау. Отын-энергетикалық кешен өзара байланысты отын өнеркәсібі мен электр энергетикасынан және олардың қалыпты қызмет жасауына мүмкіндік беретін мұнай және газ құбырлары, электр желісі, темір жол магистральдары жүйесінен тұратын өндірістік инфрақұрылымнан тұрады. Отын өнеркәсібі салалары ішінде республикалық маңызы бар салалар-мұнай, газ, көмір өнеркәсібі болып табылады. Минералдық отын ресурстары жылу электр стансалары үшін отын ретінде пайдаланылады. Олар жылуды да, электр энергиясын да өндіретін жылу электр орталықтары (ТЭЦ) мен тек электр энергиясын ғана өндіретін конденсациялық электр стансаларына (ГРЭС)бөлінеді. ГРЭС-тар отын көздеріне жақын орналасады, ал ТЭЦ электр энергиясын тұтынушыларға жақын орналасады. Олардан басқа Су электр стансалары (ГЭС, ГАЭС) және атом электр стансалары (АЭС, АТЭЦ)және геотермиялық стансалар (ГТЭС) жұмыс істейді. Осы айтылғандарды

пайдаланып, дәптерге отын-энергетикалық кешеннің құрылымын сызба түрінде көрсетіңіз.

Тапсырма 2 «Қазақстанда атом энергетикасының даму проблемалары» және «Дәстүрлі емес энергия көздері» тақырыптары бойынша хабарламаны тыңдап, талдау.

Тапсырма 3 Кестедегі мәліметтерді пайдаланып, отын-энергетикалық байлықтардың құрамындағы отынның негізгі түрлері мен энергияның үлес салмағының өзгеруіне талдау жасау.

Кесте 3

	1970	1975	1980	1985	1987
Жалпы отын-энергетикалық байлықтар	100	100	100	100	100
О.і:	34,7	29,6	24,2	21,0	20,1
Көмір	36,6	40,3	42,3	37,3	36,4
Мұнай	17,5	20,5	24,7	32,7	34,2
Табиғи газ					
ГЭ пен АЭС	3,3	2,7	3,8	4,9	4,9
Эл.энергиясы					
Басқа	7,9	6,9	5,0	4,1	4,4
отын, энергия түрлері					

Әдістемелік нұсқау . Алдымен белгілі отын түрінің электр энергиясын өндірудегі шамамен алғандағы үлес салмағын жылдар бойынша есептеп шығарып, оларды өндіру динамикасының графикалық сызбасын салыңыздар . Сызбада түрлі отын түрін түрлі түспен белгілеңіздер.

Тапсырма 4 Қазақстанда отын-энергетикалық байлықтарды өндіру мөлшерінің өзгеруін график түрінде көрсетіңіз.

Әдістемелік нұсқау. График дәптерге кестенің материалдары негізінде орындалады:көлденең масштаб 1см-2 жыл,ал тік масштаб 1см-ге байлықтардың өлшем бірлігімен есептеліп алынады.(тонна, м.куб, мың квт/сағ немесе Гкал). Түрлі байлық түрі әртүрлі түспен көрсетіледі.

Отын байлықтары мен электр энергиясын өндіру көрсеткіштері. Кесте 4

	1950	1960	1970	1980	1990	1998	2000	2003
Көмір млн.т.	17	32,4	61,5	-	138	80	72,4	80,4
Мұнай млн.т.	-	1810	-	18656	25820	-	30648	45309
Эл.энергиясы	2,6	8,5	34,6	61,6	87,4	60,6	-	63,7
Млрд.квт.сағ								

Тапсырма 5 Кестедегі мәліметтерді пайдаланып, әрбір отын байлығын өндірудің өзгеруін график түрінде көрсетіңіз (түрлі түспен белгіленеді) және Отын-энергетикалық кешеннің құрылымының перспективасына байланысты болжам жасаңыз.

Тапсырма 6. Қазақстанның контур картасына негізгі отын байлықтарының республикалық маңызы бар кен орындарын түсіріңіздер.

Әдістемелік нұсқау. Басты кен орындарын типтік шартты белгілермен көрсетіңіздер. Кен орындары шоғырланған аудандарды контурлы сызықпен қоршап, кен орындарының атын жазыңыздар. Жұмысты орындау үшін Географиялық атлас пен оқулық карталарын пайдаланыңыз.

Тапсырма 7. Қазақстанның энергобалансына кестені пайдаланып талдау жасай отырып, электр энергиясын басты тұтынушыларды көрсететін диаграмма тұрғызыңыз және елдегі электр энергиясының өндірілуі мен оның халық шаруашылығындағы орнына талдау жасаңыз.

Электр энергиясын пайдалану % есебімен кесте 5

Жүйедегі ысырап	Электр стансасының өз қажеті.	экспорт	өнеркәсіп	Көлік	Ауыл шаруашылығы.	халық	басқалар
18,0	11,2	1,3	41,1	5,6	2,8	10,4	9,6

Қуаты 3,8 млн кВт Жылу электр стансасы жылына 20 млрд кВт/сағ электр энергиясын өндіретін болса :

А) осы электр стансасына қанша тас көмір немесе қоңыр көмір қажет болатынын ;

Б) Көмір тасымалдау үшін қанша вагон қажет екендігін;

В) Электр стансасының жұмыс істеуі үшін қанша су пайдаланатынын;

Г) Осы ТЭС-тың орналасу факторын (егер Екібастұздың көмірі негізінде жұмыс істейтін болса) анықтаңыздар.

Қажетті көрсеткіштер: 320 г шартты отын- елдегі 1кВт /сағ электр энергиясын өндіруге жұмсалатын отынның орташа шамасы (шартты отын жанғанда бөлінетін жылу тас көмір жанғанда бөлінетін жылуға тең)

60 тонна –көмір тасымалдайтын вагондардың орташа сыйымдылығы.

1кВт қуатқа 8м.куб су жұмсалады.

Тас көмірдің бөлетін жылуы-7000 ккал/кг, ал қоңыр көмірдің жылу сыйымдылығы-3000 ккал/кг.

Тапсырма 8. Мұнай өңдеу кәсіпорындарының географиясын кескін картада бейнелеп, оларды орналастырудағы басты принциптерге тоқталу. Құбыр жолдарының мұнай мен газды тасымалдаудағы роліне тоқтала келе, ел территориясы арқылы өтіп жатқан ірі құбыр жолдарының крта-схемасын түсіру.

Әдебиеттер:

1. Практикум по эсг СССР авт.И.Орфанов т.б. М,1989
2. Казахстан.-М,1979 (Природные условия и естественные ресурсы СССР)
3. Географиялық анықтама атлас М,1986
4. СССР-дың атласы М,ГУГК,1983
5. Қазақстанның атласы .
6. С.Ердаuletов Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. А,1998. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық .
7. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. Авт. Е.Ахметов т.б. 9 сыныпқа арналған оқулық, «Мектеп»2005

Тақырып №5 . Қазақстанның металлургия кешені.

Сабактың мақсаты- Қара және түсті металлургия кәсіпорындарының жұмыс істеу және орналасу ерекшеліктеріне талдау жасау. Елдің металлургия базаларының мамандануы мен олардың ел экономикасындағы роліне баға беру. Статистикалық көрсеткіштермен және экономикалық карталармен сызбалармен жұмыс істей білу дағдысын дамыту.

Тақырып бойынша қайталау сұрақтары:

1. Қазақстан территориясындағы қара металлургияны дамыту үшін қолайлы факторларға ие аудандарды атаңыз.
 2. «Металлургия базасы» ұғымына анықтама беру.
 3. Қара металлургияның қандай өндіріс түрлері энергияны, ал қандай түрлері суды көп қажет ететін салалар болып табылады?
 4. Түсті металлургия салаларының географиялық ерекшеліктері қандай?
 5. Қазақстанда толық циклді металлургия комбинаттары қайда орналасқан?
 6. Түсті металлургияның қандай салалары қалдық негізінде жұмыс жасайды?
- Әдебиеттер: 9 сыныпқа арналған мектеп оқулығы , Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы (авторы С.Ердаuletов) университеттерге арналған оқулығы.

Қара металлургия.

Қара металлургия кешені темір кенін өндіріп, шойын, болат балқытып, прокат және ферроқорытпалар жасаумен айналысады. Негізгі шикізаты-темір кені. Қара металдардың басты қасиеті-құрамында көміртектің аз немесе көп болуына байланысты. Егер темір қорытпасында көміртек мөлшері 2%-дан аспаса, болат деп аталады, ал 2%-6% арасында болса-шойын деп аталады. Болаттан дайын өнім-прокат алынады. Қара металлургия кәсіпорындары толық циклді және қайта қорыту өндірісі түрлеріне бөлінеді.

Тапсырма 1. Қазақстан Республикасы мен жекелеген шет елдердегі металлургия саласында шикізат пен өнім өндірудің 1990 және 2000 жылдарға арналған көрсеткіштерін салыстыра отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1) Қазақстан мен шет елдердегі металлургия өндірісі динамикасы арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар қандай?
- 2) Ол ұқсастықтар мен айырмашылықтар қалай түсіндіріледі?
- 3) Неліктен дамыған елдердің бірқатарында металлургия өндірісінің төмендеу тенденциясы етек алған?

Тапсырма 2 төмендегі көрсеткіштерді пайдаланып қазіргі заманға сай жұмыс істейтін жылдық қуаты 5 млн.т металл прокатын өндіретін металлургия заводына арнап техникалық-экономикалық есептеу жүргізіңіз. Темір рудасының, ферроқорытпаның, флюстың (әктастың), металл сынықтарының, кокстелетін көмірдің қанша мөлшерде қажет болатынын есептендер. Сондай-ақ заводқа жүк тасымалдау үшін қажетті тәуліктік транспорт қажетін есептеңіздер.(темір жол вагондары, поездар).

Әдістемелік нұсқау: Кестедегі стат. көрсеткіштерді пайдаланасыз. Кесте 7

1 тонна темір прокатын алу үшін қажет ресурстар						
Темір рудасы,т	Металл сынықтары,т	Ферроқорытпа,т	Әктас,т	Кокстелетін көмір ,т	Электр энергиясы,квт/с ағ	Су ,т
2	0,5	0,1	0,5	1,4	300	200

Заводтың жылдық қажеттілігін есептеген соң , тәуліктік қажеті есептеледі. Онан соң жүк поезының пайдалы жүк сиымдылығы анықталады,- жүк поезының сиымдылығы-50 тонна.ал поезд 40 вагоннан тұрады десек,металлургия заводына тәуліктік шикізат мөлшерін жеткізіп беру үшін жеткілікті болатын поезд мөлшерін анықтайсыз.

Тапсырма 3. Шикізат пен отын тасымалдау үшін қажет транспорт шығынын есептеу арқылы толық циклді металлургия комбинатының орналасу факторын анықтаңыз. Торғай иінінің (Соколов-Сарыбай, Лисаков,қашар т.б) темір рудасы мен Қарағанды бассейнінің тас көмірін пайдаланып жұмыс істейтін металлургия комбинатын қай жерде орналастырған экономикалық жағынан тиімді екенін анықтаңыз:

А) Шикізатқа таяу ма, мысалы, Қостанай қаласында

В) Отын көзіне таяу ма, мысалы, Қарағанды қаласында

Б) Шикізат пен отын көзінің аралығында ма, мысалы, Теміртау қаласында

Г) Немесе мүлдем басқа бір қалада (неліктен?)

Қостанай және Теміртау қаласының арасы темір жол магистралі бойынша -км; Қарағанды мен Теміртау аралығы- км;

1т жүкті 10 км-ге тасымалдау үшін -0,25 ш.б.

1т прокат алу үшін 1,4 т кокстелетін көмір,2 т темір рудасы керек.

Жасған қорытынды негізінде металлургия өндірісінің қандай техникалық-экономикалық көрсеткіштері кәсіпорынды орналастырудағы басты фактор болып табылатынын түсіндіріңіз.

Тапсырма 4. Үздіксіз жұмыс істеуге 40 жылға арнап салынған жағдайда қуаты 5 млн т прокат (1 жылда) өндіретін ал, рудадағы темірдің орташа шамасы- 40,6 % Қостанай кен орнымен жабдықталатын металлургия заводының темір рудасына қажетін анықтаңдар. Егер кен орнының темір қоры-14,3 млрд. т болса бұл қор әлі қанша жылға жетеді?

Тапсырма 5. Контур картаға түрлі түсті пунсондармен елдегі металлургия заводтарын түсіріңіз. (ферроқорытпа, толық циклді және қайта балқыту)

Қазіргі кезде «Испат-Қармет» болып қайта құрылған бұрынғы Қарағанды металлургия комбинатының негізгі өнімдері-шойын, болат, прокат. Осы кәсіпорынды шикізатпен және отынмен жабдықтап отырған еліміздің түрлі кен орындарымен байланысын көрсететін карта-сызба әзірлеңіз.

Әдістемелік нұсқау: карта-сызбаны әзірлеу үшін 9 сыныпқа арналған оқулықты (Е.Ахметов т.б.) пайдаланасыз. Мәтінде көрсетілген кәсіпорынмен өндірістік қатынас жасап отырған кәсіпорындарды кескін картада белгілеп, түрлі шикізатты әртүрлі бояулармен көрсетіп, өндірістік байланыстарды түсіресіз. Толық циклді кәсіпорындарды аумағы үлкен пунсонмен бөліп көрсетіңіз. Темір кен орындары мен отын базасын дәстүрлі шартты белгілермен белгілеп, олардың басты жүк ағындарын стрелкамен көрсетіңіз.

Тапсырма 6 Кестені пайдаланып, 1 т шойын өндіру үшін қажет темір рудасы мен отынды пайдалану шамасының қалай өзгередінін және ол өзгерістердің немен байланысты екенін анықтау.

Кесте 8

	Жылдар		
	1965	1975	1987
Темір рудасы	1900	1798	1796
Марганец рудасы	30	16	13
Металл қоспалары	23	15	14
Кокс	586	521	483

Т: Түсті металлургия.

Еліміздің түсті металлургия өнеркәсібінде түсті металдарды өндіру, байыту, балқыту, прокат алу және металл сынықтарын қайта өңдеу іске асырылады. Түсті металдар физикалық қасиеттер мен пайдаланылуына қарай бірнеше топқа бөлінеді.

Кесте 9

Негізгілері		Басқалары		
Ауыр	Жеңіл	Қымбат	Баяу балқытын	Сирек кездесетін
Мыс Қалайы қорғасын Мырыш Никель	Алюминий Магний Титан	Алтын Күміс Платина	Вольфрам Молибден	Уран Германий Т.б.

Тапсырма 1. Пайдалы қазбалар картасын пайдаланып, түсті металдар кен орындарының таралуының географиялық ерекшеліктерін анықтаңыздар.

-ауыр және жеңіл металдардың кен орындарының орналасу ерекшелігі қандай?

- түсті металлургияның қандай түрлері үшін шикізат факторының, ал қай түрлері үшін электр энергиясының ролі зор?

-Еліміздің қай аймақтарында түсті металл кені кең тараған ?

Тапсырма 2. Қазақстанның кескін картасына еліміздегі түсті металлургияның басты аудандарын түсіріп, олардың мамандану салаларын көрсету. Оларда алынатын өнім түрлеріне салыстырмалы сипаттама беру. Қазақстандағы түсті металлургияның негізгі орталықтарына сипаттама беру.

Тапсырма 3. 9 сыныпқа арналған оқулықты пайдаланып, мыс қорыту заводтарының орналасу принциптерін түсіндіріңіз және мысалдар келтіріңіз.

Тапсырма 4. Кестедегі мәліметтерді пайдаланып, еліміздегі мыс өндірудің динамикасына талдау жасаңыз және осы көрсеткіштер негізінде мыс өндіру динамикасын диаграмма түрінде көрсетіңіз.

Тазартылған мыс өндіру млн.т.

кесте 10

1940ж	1960ж	1980ж	1990ж	2000ж	2003ж
69,7	130,0	384,8	364,9	394,7	432,4

Тапсырма 5.

Торғай даласындағы Арқалық қаласы маңында өндірілетін алюминий өнеркәсібінің негізгі шикізаты болып табылатын бокситті пайдаланып жұмыс істейтін алюминий заводы неліктен 1000 км-ден астам қашықтықтағы Ресейдің Новокузнецк қаласында орналасқан?

Тапсырма 6. А және В қалаларының арасы- 4000 км. Осылардың қайсысында алюминий заводу орналастыру ыңғайлы екендігін есептеңіз, егер, А қаласының шикізат көзіне , ал В қаласының электр энергиясына таяу жатқаны белгілі болса. 1 тонна алюминий алу үшін 2 тонна глинозем мен 18000 кВт/сағ электр энергиясы жұмсалады. 1 тонна глиноземді 10 км-ге темір жол транспорты арқылы тасымалдау үшін 2,0 ш.а. төленеді, ал 1кВт/сағ энергиясы үшін А қаласында 0,01 ш.а. ал, В қаласында 0,02 ш.а десек.

Тапсырма 7. Түсті металлургия өндірісіне тән экологиялық проблемалар мен олардың алдын алу шаралары туралы қысқаша баяндама әзірлеу.

1.Казахстан.-М,1979 (Природные условия и естественные ресурсы СССР)

2. Казахстан.-М,1979 (Природные условия и естественные ресурсы СССР)

3.Географиялық анықтама атлас М,1986

4. СССР-дың атласы М,ГУГК,1983

5. Қазақстанның атласы .

6. С.Ердаuletov Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. А,1998. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық .

7. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. Авт. Е.Ахметов т.б. 9 сыныпқа арналған оқулық, «Мектеп»2005

1.Практикум по эг СССР авт.И.Орфанов т.б. М,1989

№1 Қорытынды бақылау.

1. «Экономикалық –географиялық жағдай» ұғымының анықтамасы.
- 2.Қазақстанның географиялық жағдайының ел экономикасына тигізетін әсеріне баға беру.
- 3.Географиялық ортаның адамзат қоғамына тигізетін әсері.табиғи байлықтарды бағалау тәсілдері.
4. Қазақстанда халықтың орналасу перспективасына талдау жасау.
- 5.Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінің аймақтық ұйымдастырылу тенденциясы мен географиясы.
6. Қазақстанда атом энергетикасының даму проблемалары
7. Қазақстан территориясындағы қара металлургияны дамыту үшін қолайлы факторларға ие аудандар.
- 8.Түсті металлургия салаларының географиялық ерекшеліктері .
- 9.Металлургия өнеркәсібінің экологиялық проблемалары.
- 10.Қазақстандағы металлургия саласының даму перспективалары.

Тақырып № 6: Химия кешені.

Сабактың мақсаты: Атлас карталары мен статистикалық материалдарды пайдаланып, химия өнеркәсібінің жетекші салаларының орналасу ерекшеліктері мен кешеннің даму перспективаларына талдау жасау; минералдық тыңайтқыштар өндіру үшін қажетті шикізат көздерінің территорияда таралу сипатын, еліміздегі кен химиясы , негізгі химия және органикалық талшықтар химиясы салаларының басты аудандарын анықтау, осы салалардың орналасуындағы шикізат пен тұтынушы факторларының роліне баға беру.

Тақырып бойынша қайталау сұрақтары:

- 1.ҒТР-дың даму бағыттарын анықтаушы салалардың бірі ретіндегі химия өнеркәсібінің халық шаруашылық роліне баға беру.
- 2.Минералдық тыңайтқыштардың басты түрлері қандай?
- 3.Минералдық тыңайтқыштар өндірісінің түрлі салаларын орналастырудың техникалық- өндірістік ерекшеліктері қандай?
- 4.Химия кешенінің салалық құрылымы және Қазақстанда кең тараған химия өнеркәсібі салалары.

Тапсырма 1. И.К.Орфановтың «Практикум по эг.СССР» құралын пайдаланып, химия өнеркәсібінің салалық құрылымына талдау жасаңыз.

Әдістемелік нұсқау:

1.«Химия өнеркәсібінің құрылымы», «химия өндірісінің құрамы мен олардың өндірістік тұтынылуы» сызбаларын, атлас карталарын, сондай-ақ , және басқа да құралдарды талдай отырып, химия өнеркәсібінің басты сипаттарын анықтаңыз.

2.Химия өнеркәсібі салаларының өнімдерін шаруашылық тұрғыдан пайдалануындағы айырмашылықтар неде екенін түсіндіріңіз.

3. Қазақстан Республикасында химия өнеркәсібінің маңызды салаларын және қазіргі заманғы «жоғарғы этаптар» ролін атқаратын органикалық синтез салаларын анықтап, олардың орналасуындағы заңдылықтарды көрсетіңіз.

4.Қазақстандық химия өнеркәсібіне тән салаларды анықтап, олардың орналасқан аймақтарын көрсетіңіз.

Химия өнеркәсібінің саласы	өнімінің шаруашылық маңызы
1. кен химиясы өнеркәсібі	Шикізаттық
2.негізгі химия өнеркәсібі: күкірт және т.б. қышқылдарды өндіру, сода және хлор өндіру,	Жартылай өнімдермен қамтамасыз ету. Ауыл шаруашылығын химияландыру өнімдері.
3.минералдық тыңайтқыштар өндірісі	
4.негізгі мұнай-химиялық синтез: өсімдіктерді қорғау заттары, органикалық қышқыл, спирт т.б.	Негізінен полимер заттар үшін қажетті жартылай өнімдер өндірісі Құрастырғыш заттар
5.Полимер заттар өндірісі:жасанды кучук, жасанды шайыр, пластмасса өнімдері өндірісі.	Ақырғы өнім * * *
6.фармацевтика ,тұрмыстық химия,	Ауыл шаруашылығын химия-у
7. бояу өндірісі	Құрастырғыш заттар өндірісі * * *
8.микробиологиялық өндіріс	
9.резеңке-асбест өнеркәсібі	Шикізатпен қамтамасыз ету
10.шина жасау	* * *
11.кокс химия өнеркәсібі	* * *
12.орман химия өнеркәсібі	* * *
13.газ химия өнеркәсібі	
14.мұнай өңдеу өнеркәсібі	

Тапсырма 2. Қазақстанның кескін картасына минералдық тыңайтқыштар өндірісінің шикізат базасын түсіріп, Қазақстан территориясы бойынша олардың таралу ерекшелігіне баға беру және осы картаға минералдық тыңайтқыштар өндіретін маңызды орталықтарды (азотты, фосфатты, калийлы тыңайтқыштар) түсіру.

Тапсырма 3. Химия өнеркәсібінің жекелеген салаларының орналасу принциптері мен факторларына талдау жасау.

Әдістемелік нұсқау:

1.Химия өнеркәсібінің жекелеген салаларының орналасу ерекшеліктерін анықтаңыз. «Практикум по экономической географии СССР» И.К.Орфанов 46 б. қараңыз; Осындағы 4- суреттің негізінде мына сұрақтарға жауап әзірлеңіздер: басқа салалармен салыстырғанда химия өнеркәсібінің орналасуында қандай ерекшеліктер бар?

Химия өнеркәсібінің салалары	Ф а к т о р л а р					
	шикізат	Отын-энергетика	Су	Еңбек ресурстары	тұтынушы	Табиғат қорғау
Кен-химиясы	Ш	А/Е	А/Е	А/Е	А/Е	Ү
Минералдық тыңайтқыш өндіру	Ү	А	А	А/Е	Ш	Ү
Күкірт қышқылын өндіру	Ү	А/Е	Ү	А/Е	Ш	Ү
Негізгі органикалық синтез	Ш	Ш	Ү	А/Е	А/Е	Ү
Пластмассалар, жасанды шайыр мен каучук өндірісі	Ү	Ш	Ш	А	А/Е	Ү
Химиялық талшықтар өндірісі	А	Ш	Ш	Ш	А/Е	Ү
Полимер заттарын қайта өңдеу	Ү	А/Е	А/Е	Ш	Ш	А

Шартты белгілер: әсер етуші факторлар-

Ш-шешуші, Ү-үлкен, А-аздаған, А/Е-айтарлықтай емес.

(И.К.Орфанов бойынша СССР-де химия өнеркәсібінің орналасуына жекелеген факторлардың әсері.)

Химия өнеркәсібінің жекелеген салаларының орналасуында әсіресе қандай факторлардың ролі зор?

2. «СССР-дің химия өнеркәсібі» картасын пайдаланып, кен химиясы өнеркәсіп орындары мен көмірсутекті шикізат өндіруші кәсіпорындардың ел территориясында орналасуына талдау жасау;

Тапсырма 4 .Өз обылысыңызда жұмыс істейтін химия өнеркәсібінің қоршаған ортаға және экономикаға тигізетін әсірлерін бағалап, қысқаша қорытынды әзірлеңіз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстанның атласы .

2. С.Ердаuletov Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. А,1998. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық .

3. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. Авт. Е.Ахметов т.б. 9 сыныпқа арналған оқулық, «Мектеп»2005

4.Практикум по эсг СССР авт.И.Орфанов т.б. М,1989

Тақырып №7: Машина жасау өнеркәсібі (семинар сабақ).

Мақсаты: машина жасау өнеркәсібі мысалында күрделі құрылымды өнеркәсіптің ерекшеліктерімен танысу; машина жасау кәсіпорындарының оранласу факторларын анықтау; елдегі машина жасау өнеркәсібінің даму перспективаларымен танысу.

Семинар сұрақтары:

1. Машина жасау -өнеркәсіптің территориялық жағынан шашыла орналасқан саласы дегенді қалай түсіндіруге болады?
2. Машина жасау халық шаруашылығының қандай салалаларымен тығыз өндірістік байланысқа ие?
3. Машина жасау өнеркәсібінің салалық құрылымын сипаттаңыз.
4. Машина жасау өнеркәсібінің орналасуын анықтайтын факторларды анықтаңыз. Шикізат және тұтынушы факторларының ролін түсіндіріңіз.
5. машина жасау саласының орналасуына кооперациялау (ұштастырылу) мен мамандандудың тигізетін әсері қандай?
6. Қазақстан Республикасындағы машина жасау өнеркәсібінің жетістіктері мен кемшіліктері.

Тақырып №8 Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені.

Мақсаты: АӨК туралы, ауыл шаруашылығының типтері-экстенсивті және интенсивті даму жолдары туралы ұғымдарды игеру; табиғат жағдайлары мен табиғат ресурстарына, олардың ауыл шаруашылығының мамандануы мен таралуына тигізетін әсеріне экономикалық тұрғыдан баға беру және «Қазақстан-2030» стратегиялық бағыттарында көрсетілген ауыл шаруашылығының даму перспективаларына талдау жасау дағдыларын меңгеру;

Тақырып бойынша қайталау сұрақтары:

1. « Табиғи жағдайларды экономикалық бағалау» дегеніміз не?
2. Ауыл шаруашылығының мамандануы ең алдымен қандай факторға байланысты?
3. Ауыл шаруашылығының экстенсивті және интенсивті даму жолдары.
4. АӨК құрылымы, құрамы, мақсаттары.

Тапсырма 1. АӨК-нің құрылымының графикалық схемасын салып, талдау жасау.

Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің арасындағы өндірістік байланыстарды сипаттау және сызбасын салу;

әдістемелік нұсқау: талдау барысында АӨК-нің бірінші құрылымдық бөлімін ауыл шаруашылығын қажетті өндіріс өнімдерімен қамтамасыз ететін және құрылыстыр мен ғимараттарды салу жұмыстарын жүзеге асыратын салалар құрайтынын есте ұстау қажет. Ал екінші сферасын ауыл шаруашылығының өзі

құрайды. Үшінші сфера ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсататын салалар мен инфрақұрылымдық салалардан тұрады.

Тапсырма 2. Атластағы тақырыптық карталар мен оқулық мәтінін пайдаланып, Қазақстанның табиғат зоналары бойынша территорияның агроклиматтық байлықтарына баға беру.

Әдістемелік нұсқау: Жұмыс төмендегі кестеге толтырылады.

Табиғи зона	Жылдық жиынтық радиация	Ылғалдану коэффициенті	Топырақ типі және ауыл шаруашылығына жарамды жер көлемі	Агроклиматтық байлықтарына сипаттама.

Жұмысты орындау үшін «Агроклиматтық ресурстар», «Топырақ және өсімдік зоналары», «Жер байлықтары» карталарын пайдаланасыз.

Бірінші картадан өсімдіктердің жылумен және ылғалмен қамтамасыз етілу дәрежесін көрсететін шамаларды түсіресіз. Екінші картадан топырақ типтерін анықтап, «Жер байлықтары» картасын ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің көлемін анықтау үшін пайдаланасыз. Алынған мәліметтерді кестеге түсіріп, агроклиматтық байлықтарды бағалау үшін пайдаланасыз.

Тапсырма 3 Республиканың өсімдік шаруашылығының таралуын кескін картада көрсетіңіз. Кескін картаға егіншілік салаларының ел территориясы бойынша қалай таралғанын бейнелеп, дәптерге осы құбылысқа сипаттам

Тапсырма 4. 9 сыныпқа арналған оқулықта берілген 6,8-кестенің негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемінің және мал басының 1999-2003 жылдар аралығында шаруашылықтың түрлі типтері арасында қандай шамаға өзгеруінің динамикасын көрсететін диаграмма дайындаңыз және осы өзгерістерді түсіндіріңіз және 7-кестенің көрсеткіштерін пайдаланып, осы шаруашылық типтерінде өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы ел көлемінде өндірілген өнімдегі үлес салмағы қалай өзгергеніне талдау жасаңыз.

Тапсырма 5 9-сыныпқа арналған оқулықтың тақырыптағы 6-кестесін (65бет) толтырып, оған қысқаша түсініктеме (жазбаша) беріңіз.

Тапсырма 6 Ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсататын өнеркәсіп салаларын орналастыру факторларын анықтаңыз. Шикізат және тұтынушы факторларының әсер ету шамасына қарай тамақ өнеркәсібі салаларының топтарын көрсетіңіз.

Тапсырма 7. Кескін картаға республика көлемінде таралған ірі тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын түсіріңіз және олардың жергілікті ауыл шаруашылық базасымен байланысын көрсетіңіз.

Тапсырма 8. Қант зауытының тұтынушыға жақын немесе шикізат көзіне таяу орналасуы жағдайындағы шығындарды есептеңіз.

Тұтынатын аудан, мысалы Н қаласы жылына 200 мың тонна қант пайдаланады. 1т қант алу үшін 8 т қант қызылшасы қажет, шикізат көзі мен тұтынушы арасы-200 км, 1т қызылшаны 1 км-ге тасу үшін 2,5 шартты бірлік жұмсалады десек, қант зауытын қайда орналастырған тиімді?

1. Қазақстанның атласы .

2. С.Ердаuletов Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. А,1998. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық .

3. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. Авт. Е.Ахметов т.б. 9 сыныпқа арналған оқулық, «Мектеп»2005

4. Практикум по эсг СССР авт.И.Орфанов т.б. М,1989

5. «Ландшафттану негіздері және табиғи байлықтарды бағалау». З.М.Абишева, О.Б. Мазбаев; А,2003

6. Қазақстанның агроклиматтық картасы.

Тақырып №9: Қазақстанның көлік және коммуникация кешені.

Мақсаты: материалдық өндірістің саласы ретінде көлік кешенінің ролін бағалау; Қазақстанның біртұтас көлік жүйесіне сипаттама беру; жол магистральдар мен жүк айналымы, транспорт түйіні, темір жол жолдарының жиілігі, сондай-ақ, халық шаруашылығының жекелеген салаларын орналастырудағы көлік кешенінің ролі және елдің экономикалық аудандары арасындағы маңызды экономикалық байланыстарды жүзеге асырудағы кешеннің атқаратын қызметіне экономикалық-географиялық талдау жасау дағдыларын игеру.

Көлік және коммуникация кешені өндірістік сфераның басқа салалары секілді өнім өндірімегенмен, экономиканың түрлі салаларын өзара, өндіруші мен тұтынушыны және экономикалық аудандарды, сондай-ақ мемлекетаралық байланыстарды жүзеге асырушы басты буын болғандықтан, халық шаруашылығының және өндірістік күштердің ілгері дамуындағы маңызды құрал болып табылады. Қазақстан жаңа жолдар республикасы деп тегін аталмаған. Себебі, елдегі барлық темір жол тораптарының 90 пайыздан астамы Қазан төңкерісінен кейін, ал автомобиль , әуе жолы, құбыр жолы және телекоммуникация секілді түрлері тіпті, соңғы кезде пайда болды. Жалпы ел көлемінде көліктің барлық түрлерінің жұмысын екі шамамен көрсетіледі: тасымалданатын жүктің көлемі (тоннамен) және жүк айналымы (тонна/километрмен).

Тақырып бойынша қайталау сұрақтары:

1. Өндіргіш күштердің дамуы мен орналастырудағы көлік кешенінің ролі.
2. Көлік-экономикалық жағдайлардың тасымалдың өзіндік құнына тигізетін әсерін сипаттау.
3. Ел аймақтарының экономикалық-географиялық ерекшеліктерінің тасымалданатын жүктің көлеміне, бағытына, құрамына тигізетін әсеріне баға беру.
4. Жүк айналымы, тораптың жүк сиымдылығы, көлік магистралі ұғымдарына түсінік беру.

Тапсырма 1. Халық шаруашылығы жүйесіндегі көлік кешенінің алатын орнын анықтап, аймақтық ерекшеліктеріне, геосфералық, қатынас жолдары және меншіктік сипатына байланысты көлік түрлерінің жіктелу схемасын құрыңыз.

Әдістемелік нұсқау: аймақтық сипатына қарай жіктелу көлік жүйесінің дүниежүзілік, континент аралық, мемлекет аралық, экономикалық аудандарды байланыстырудағы және әкімшілік бірліктерге қатынасты масштабтары бойынша жүргізіледі. Мұндай жіктеу белгілі бір территорияда көліктің алуан түрінің қосарлана, ұштаса, бірін-бірі толықтыра таралуы осы аймақта біртұтас көлік жүйесін құрудың басты шарты болуына байланысты туындайды. Ірі масштабты көлік жүйелерінің даму дәрежесі мен жиілігі мемлекеттің әлеуметтік экономикалық даму деңгейін көрсетеді.

Геосфералар бойынша жіктеу құрлық, әуе, су т.б. көлік түрлерінің таралуымен байланысты.

Қатынас жолдары бойынша көлік саласы мемлекеттік немесе басқа меншік түріне жатуына қарай жіктеледі.

Халық шаруашылығының өндірістік сферасына жатуы, салааралық және аймақтық еңбек бөлінісінде байланыстырушы буынның ролін атқаруына байланысты көлік кешені экономикалық жағынан өте маңызды сала болып табылады.

Тапсырма 2. Қазақстанның темір жол көлігіне жалпы сипаттама бере отырып, дәптерге ірі темір жол магистральдары және олармен тасымалданатын жүк сипаты туралы қорытынды жазу. Кескін картада осы темір жол тораптары мен ірі темір жол стансаларын түсіріп, тасымал бағыттырын жүк сипатына қарай түрлі бояумен көрсету.

Тапсырма 3. Түрксіб мысалында темір жол желісіне төмендегі жоспар бойынша сипаттама беріңіз:

- 1) Темір жол желісі халық шаруашылығын дамытудың қай кезеңінде салынды;
 - 2) Темір жол желісінің ұзындығы;
 - 3) Бағыты;
 - 4) Оның жұмысына әсер ететін табиғи жағдайлар;
 - 5) Көлік тораптары, жүк тасқындарының құрамы мен бағыттары.
- (қараңыз әдебиет № 5).

Тапсырма 4.Тасымалданатын жүктің құрамына байланысты теміржол, теңіз және автомобиль көліктерін салыстырыңыз.

Әдістемелік нұсқау: Оқулықта берілген мәліметтер негізінде әрбір көлік түріне тән жүк сипатын анықтап, олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтаңыз. Айырмашылықтардың себебін табу үшін мемлекеттің аудан аралық, сыртқы байланыстары мен республиканың халықаралық географиялық еңбек бөлінісі мен аудандар арасындағы еңбек бөлінісінің және шикізат өндіруші аудандар мен тұтынушы аудандар арасындағы байланысты қанағаттандыруға жүк тасқынының тигізетін әсерін толығырақ зерттеу қажет.

Тапсырма 5. Төмендегі кестені толтырып, талдау жасаңыз.(қараңыз. И.К. Орфанов и др. Практикум по ЭСГ СССР) .

Қазақстанның маңызды көлік түрлері жұмысының сипаттамасы.

Көлік түрі	Негізгі тасылатын жүк	Жүк тасымалы млн.т.	Жүк айналымы млн.т./к м	Тасымалдың орташа қашықтығы км	Орташа қозғалыс шапшаңдығы км/сағ	Осы көлік түрінің жұмысында камтамасыз етуші қондырғы	артықшылығы	кемшілігі

Үйге тапсырма ретінде.

Қазақстандағы көлік кешенінің даму перспективалары және оның экономикалық маңызы тақырыбында таңдап алынған көліктің бір түрі бойынша қысқаша баяндама әзірлеп, карта-сызба даярлау.

Әдістемелік нұсқау:

- 1)Темір жол көлігі бойынша, мысалы, Трансазиялық темір жол магистралі;
- 2) Автомобиль көлігі үшін Алматы-Карачи тас жолы;
- 3)Ақтау теңіз портының маңызы;
- 4)Құбыр жолындаТеңіз-Баку-Супса-Джейхан бағытындағы құбыр жолы.

Осы аталған магистральдарға сипаттама беру (ұзындығы, бағыты, маңызы, тасымалданатын жүк көлемі, жүктің сипаты т.б) және келешек перспективалық маңызына талдау жасау.

№2 Қорытынды бақылау.

1. FTR-дың даму бағыттарын анықтаушы салалардың бірі ретіндегі химия өнеркәсібінің халық шаруашылық ролі.
2. Минералдық тыңайтқыштар өндірісінің түрлі салаларын орналастырудың техникалық- өндірістік ерекшеліктері қандай?
3. Химия кешенінің салалық құрылымы және Қазақстанда кең тараған химия өнеркәсібі салалары.
4. Өндіргіш күштердің дамуы мен орналастырудағы көлік кешенінің ролі.
5. Ел аймақтарының экономикалық-географиялық ерекшеліктерінің тасымалданатын жүктің көлеміне, бағытына, құрамына тигізетін әсері.
6. Машина жасау -өнеркәсіптің территориялық жағынан шашыла орналасқан саласы дегенді қалай түсіндіруге болады?
7. Машина жасау өнеркәсібінің салалық құрылымы.
8. Машина жасау өнеркәсібінің орналасуын анықтайтын факторлар. Шикізат және тұтынушы факторлары.
9. Қазақстан Республикасындағы машина жасау өнеркәсібінің жетістіктері мен кемшіліктері.
10. « Табиғи жағдайларды экономикалық бағалау» дегеніміз не?
11. Ауыл шаруашылығының мамандануы ең алдымен қандай факторға байланысты? Ауыл шаруашылығының экстенсивті және интенсивті даму жолдары.
12. АӨК құрылымы, құрамы, мақсаттары.

Мазмұны

Тақырып №1 Қазақстан Республикасының экономикалық- географиялық жағдайы. Дүние жүзінің саяси картасындағы орны. Қ. Р. саяси-әкімшілік картасы.....	4
Тақырып №2 Қазақстанның табиғат жағдайлары мен табиғи байлықтарына экономикалық баға беру.....	5
Тақырып №3 Қазақстанның халық географиясы.....	7
Тақырып № 4 Қазақстанның отын –энергетикалық кешені.....	9
Тақырып №5 Қазақстанның металлургия кешені.....	12
№1 Қорытынды бақылау.....	16
Тақырып № 6 Химия кешені.....	16
Тақырып №7 Машина жасау өнеркәсібі (семинар сабақ).....	19
Тақырып №8 Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені.....	19
Тақырып №9 Қазақстанның көлік және коммуникация кешені.....	21
№2 Қорытынды бақылау.....	24

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 27 бет 2,25 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.